Жетписбаева Калуаш Бериковнаның 8D02209 – Шығыстану білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Парсы тіліндегі мәдени концептілердің вербалды репрезентациясы» тақырыбындағы докторлық диссертациясына

ПІКІР

Жетписбаева Калуаш Бериковнаның диссертациялық жұмысы шығыстанудың лингвистикалық бағытындағы өзекті ғылыми мәселені зерттеуге арналған. Таңдалған тақырып жоғары ғылыми және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді, өйткені шығыстану мен лингвистикадағы қазіргі заманғы үрдістер Тіл-Мәдениет-Таным арасындағы байланысты антропоөзекті парадигмаға негізделген жаңа теориялық-әдіснамалық базасын құруды талап етеді. Осыған байланысты диссертация – ғылыми және практикалық тұрғыдан өзекті әрі бұрын зерттелмеген тың тақырыпқа арналған зерттеу.

Диссертациялық зерттеуді орындау барысында зерттеуші зерттеліп отырған мәселеге арналған отандық және шетелдік ғылыми дереккөздерге кешенді талдау жүргізді. Кеңестік және посткеңестік кеңістіктегі зерттеулерді сыни тұрғыдан талдап, лингвистикада қалыптасқан Лингвомәдениеттану және Мәдени лингвистика бағыттарының әдіснамалық ұқсастықтықтары мен айырмашылықтарын, зерттеудің болашақтағы бағыттарын анықтады. Жүргізілген талдау негізінде диссертант өзіндік ғылыми тұжырымдар қалыптастырып, қойылған міндеттерді шешудің жаңа тәсілдерін ұсынды.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы автордың тиісті ғылыми бағыттың дамуы үшін маңызды болып табылатын бірқатар жаңа ғылыми нәтижелер алуымен сипатталады. Атап айтқанда, зерттеу жаңалықтары ретінде төмендегілерді атаймыз:

– диссертация батыстық лингистикада Мәдени лингвистика деп танылған, Ф. Шарифиан есімімен байланысты жаңа бағыттың теориялық-әдіснамалық негізіне сүйеніп жазылған қазақстандық шығыстанудағы алғашқы ғылыми еңбек.

– шығыстану ғылымында парсы тіліндегі асыл тас және гүл атаулары концепт ретінде алғаш рет қарастырылып, олардың вербалды репрезентанттары анықталды;

– Өз әдіснамасы қалыптасып үлгермеген лингвомәдениеттануда мәдени концепт деген ұғымға берілген анықтамаларда да көп, ұсынылатын зерттеу тәсілдері де әртүрлі, көп, сондықтан сол зерттеулерді сыни сүзгіден өткізе отырып, диссертант мәдени концептінің жаңа анықтамасын ұсынды, оларды анықтау критерийлері мен белгілерін анықтап берді;

– зерттеу тақырыбының өзектілігін анықтауда қазіргі заманғы библиометриялық талдау құралдарының қолданылуы да жаңалық болып есептеледі;

– егер ресейлік когнитивистер *концептіні* дерексіз ұғымдар деп таныса, докторант жұмысында номинативті бірліктердің де концепт дәрежесіне көтеріле алатынын дәлелдейді;

– тілдегі мәдени ақпараттың репрезентациясын анықтауға бағытталған жаңа зерттеу моделі алғаш рет ұсынылады;

– парсы тілінде гүл және асыл тас атаулары мәдени концептілер ретінде алғаш рет зерттеу нысаны ретінде Мәдени лингвистика тұрғысынан қарастырылады;

– парсы тіліндегі гүл және асыл тас атауларының ішкі формасындағы мәдени-тарихи ақпараттар қабатын ашуға көмектесетін әлеуеті концептуалдық талдау арқылы ашылады.

Зерттеу нәтижелерінің теориялық және практикалық тұрғыдан маңызды. Жұмыстың теориялық маңызы иранистиканың дамуы үшін маңызды бірқатар ғылыми қағидаларды

нақтылаудан көрінеді. Диссертацияның практикалық маңызы зерттеуші ұсынған эмпирикалық материалдарды шығыстану саласында қолдану, сондай-ақ жоғары оқу орындарының оқу үдерісінде пайдалану мүмкіндігімен айқындалады.

Диссертациялық зерттеудің негізгі тұжырымдары мен нәтижелері халықаралық және республикалық ғылыми конференцияларда, ғылыми-практикалық семинарлар мен дөңгелек үстелдерде апробациядан өткен. Диссертация тақырыбы бойынша 4 (төрт) ғылыми еңбек жарияланған, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда 3 (үш), сондай-ақ Scopus базасындағы халықаралық рецензияланатын журналда 1 (бір) мақаласы жарық көрген.

Диссертацияны дайындау барысында Жетписбаева Калуаш Бериковна өзін ғылыми дайындығы жоғары, аналитикалық-сыни ойлау қабілеті қалыптасқан, күрделі ғылыми мәселелерді қоя білетін, сонымен бірге оларды шешу қабілетіне ие білікті әрі дербес зерттеуші ретінде көрсетті. Докторант ғылыми ақпараттың үлкен көлемімен, деректер базасымен жұмыс істей алу, ғылыми зерттеудің заманауи әдістерін қолдану және алынған нәтижелерді ғылыми тұрғыдан негіздей білу қабілетіне ие.

Жалпы алғанда, Жетписбаева Калуаштың диссертациялық жұмысын жоғары ғылыми-теориялық деңгейде орындалған, аяқталған дербес ғылыми зерттеу деп бағалаймын. Алынған нәтижелер ғылыми жаңалығымен, теориялық және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді және Шығыстану ғылымының дамуына үлес қоса алады.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен рәсімделуі философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылатын диссертацияларға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.

Қорыта келгенде, Жетписбаева Калуаш Бериковнаның «8D02209 – Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Парсы тіліндегі мәдени концептілердің вербалды репрезентациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын аяқталған зерттеу ретінде қорғауға ұсынуға болады.

Ғылыми жетекші

филология ғылымдарының докторы, доцент **Джубатова Б.Н.**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ШЫҒЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ